

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарын атау мен қайта атау және темір жол станциялары атауларының транскрипциясын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 ақпандағы N 195 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарына белгілі ғылым қайраткерлерінің, қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, ақындардың, Кеңес Одағы Батырларының есімдері берілсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдары қайта аталсын.

3. 3-қосымшаға сәйкес темір жол станциялары атауларының транскрипциясы өзгертілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а ғ ы

N 1 9 5 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Белгілі ғылым қайраткерлерінің, қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, ақындардың, Кеңес Одағы батырларының есімдері берілетін білім беру ұйымдарының тізбесі

Алматы облысы бойынша

Алматы облыстық мектеп-интернатына - академик Шалтай Смағұловтың есімі;

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Орал қаласындағы N 30 орта мектепке - Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың есімі;

Қостанай облысы бойынша

Қостанай қаласындағы N 23 орта мектепке - академик Манаш Қозыбаевтың есімі;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Аққайың ауданының Аралағаш орта мектебіне - қоғам қайраткері, профессор
Қ а й ы р б е к О р а з о в т ы ң е с і м і ;

Есіл ауданының Өрнек орта мектебіне - белгілі ақын Есләм Зікібаевтың есімі;

Есіл ауданының N 1 Явленка орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Тимофей
Позолотиннің есімі;

Алматы қаласы бойынша

Алмалы ауданының N 25 гуманитарлық-лингвистикалық гимназиясына - белгілі
жазушы Ілияс Есенберлиннің есімі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а ғ ы

N 1 9 5 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қайта аталатын білім беру ұйымдарының тізбесі

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Казталов ауданының Қайыңды ауылдық округіндегі Березин орта мектебі -
Қ а й ы ң д ы о р т а м е к т е б і ;

Казталов ауданының Ақпәтер ауылдық округіндегі Красный партизан орта мектебі -
А қ п ә т е р о р т а м е к т е б і ;

Қаратөбе ауданының Жаңажол ауылдық округіндегі Карл Маркс атындағы орта
мектеп - Ж а ң а ж о л о р т а м е к т е б і ;

Қаратөбе ауданының Сәуле ауылындағы Жақсыбай орталау мектебі - академик
Қ а ж ы м Ж ұ м а л и е в а т ы н д а ғ ы о р т а л а у м е к т е п ;

Қаратөбе ауданының Ханкөл ауылындағы Интернационал орта мектебі - Ханкөл
орта мектебі;

Жамбыл облысы бойынша

Байзақ ауданының Қостөбе ауылдық округіндегі Н. Крупская атындағы орта мектеп
- Қостөбе орта мектебі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а ғ ы

N 1 9 5 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

**Атауларының транскрипциясы өзгертілетін
темір жол станцияларының
тізбесі**

Қостанай облысы бойынша

Жетіқара станциясы - Жітіқара станциясы;

Батыс Қазақстан облысы бойынша

станция Чингирлау - Шыңғырлау станциясы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК